

**Конституциялық
және әкімшілік
құқығы**

**Конституционное и
административное
право**

**Constitutional
and administrative
law**

ӘОЖ 342

С. Тыныбеков

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, з.ғ.д., профессор,
азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу құқығы, еңбек құқығы кафедрасының меңгерушісі,
Қазақстан, Алматы қ.
E-mail: serikkaly@rambler.ru

**Қазақстан Конституциясы – қоғам мен мемлекеттің
демократиялық дамуының негізі**

Конституцияға қызығушылық, ең алдымен, кез келген мемлекеттің құқықтық актілерінің арасында оның айрықша орын алатындығымен, қоғамның өмір сүруінің жалпы танылған тұғырнамасы ретінде көрінетіндігімен және оның мүдделерін ресми білдіретіндігімен анықталады. Сонымен қатар Конституция елдің негізгі заңы ретінде мемлекеттік билік тыныс-тіршілігінің діңгегі болып табылады. Бүгінгі таңда қазақстандық конституционализмді жетілдіруде қордаланған мәселелер әлі де жеткілікті. Сондықтан конституциялық реформаларды жүзеге асыру бойынша қабылданған заңдар тұрақты мониторингке мұқтаж.

Түйін сөздер: Конституция, қоғам, мемлекет, демократия.

S. Tynybekov

Kazakhstan's Constitution – the foundation of a democratic society and the state

The Constitution in the community is a special place. The Basic Law, as the main political and legal document of the company, establishes the overriding political parties and socio-economic system, the organization of the state, defines the fundamental rights, freedoms and duties grazhdan. Segodnya constitutional rights has been translated into specific rules and laws have become part of everyday life. Thus, the Basic Law has laid the basis for further improvement of the legal mechanisms for the protection of human rights and created a legal foundation for the development of civil society in Kazakhstan.

Keywords: Constitution, society, state, democracy.

С. Тыныбеков

Конституция Казахстана – основа демократического общества и государства

Конституция в жизни общества занимает исключительное место. Основной Закон, выступая главным политическим и правовым документом общества, закрепляет наиважнейшие стороны политической и социально-экономической системы, организации государства, определяет основные права, свободы и обязанности граждан. Сегодня конституционные права нашли свое закрепление в конкретных нормах законов и прочно вошли в повседневную жизнь людей. Таким образом, Основной Закон за-

ложил основы для дальнейшего совершенствования правовых механизмов защиты прав человека и создал правовой фундамент для становления гражданского общества в Казахстане.

Ключевые слова: Конституция, общество, государство, демократия.

2012 жылғы 30 тамыз еліміздің Ата заңының қабылданғандығына 17 жыл толған атаулы күн болды. Қазақстан Республикасының қолданыстағы Конституциясы 1995 жылы бүкілхалықтық референдумда қабылданды.

1995 жылғы Конституцияның басты идеялық демеушісі 1993 жылғы Конституция сияқты ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев болды. Елбасы: «Ел Конституциясы тек терең экономикалық өзгерістермен ғана емес, сондай-ақ саяси өзгерістермен байланысты үлкен жолдан өтуге мүмкіндік берді» [1], – деп атап өтті. Ата Заңда адамды жоғары құндылық ретінде орнықтыру, заңның жоғарылығы, мемлекеттік биліктің бірлігі мен бөлінуі, саяси және экономикалық қызметте бастамалардың тәуелсіздігі сияқты дәстүрлі қағидағар қаланған.

Өткен жылдар Қазақстан мемлекеттік жүйесінің шынайы тұрақтылығын және халықаралық мәселелерді шешуде оның лайықты қатысуын негіздеді. Конституцияға қызығушылық, ең алдымен, кез келген мемлекеттің құқықтық актілерінің арасында оның айрықша орын алатындығымен, қоғамның өмір сүруінің жалпы танылған тұғырнамасы ретінде көрінетіндігімен және оның мүдделерін ресми білдіретіндігімен анықталады. Сонымен қатар Конституция елдің негізгі заңы ретінде мемлекеттік билік тыныс-тіршілігінің діңгегі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Конституциясы – демократиялық, өркениетті даму жолына түскен мемлекет пен қоғамның негізгі, басты нормативтік актісі [2].

1995 жылғы Қазақстан Конституциясы заңнаманың бірыңғай ұлттық жүйесінің қалыптасуының басталғандығын паш етті. Оған кеңестік заңнама қағидағарынан аулақтау және жаңа жеке ұстанымдарды қалыптастыру тән. Қазіргі уақытта нақ осы Конституцияның егеменді Қазақстанның конституциялық-құқықтық кеңістігін қалыптастыру үшін іргетас болғандығын атап өтуге болады. Құқықтар мен бостандықтарды жүзеге асырудың конституциялық-құқықтық қағидағарын қалыптастырып, адам мен азаматтың мүдделерін жоғары

ұстап және оған сөз бен ұждан бостандығын бере отырып, Конституция сапалы жаңа кеңістікті қалыптастырды және елдің тұрақты саяси-құқықтық, әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін негіз болды. Бұл тұрғыда ол әрдайым жоғары қызығушылық туғызды, өйткені ол азаматтардың, қоғамдық бірлестіктердің және мемлекеттік органдардың өзінің құқықтары мен мүдделерін тікелей қозғайды.

Қазір Қазақстан экономикалық өсу мен өзінің демократиядан айнымайтындығын сенімді көрсетіп келеді. Мемлекеттік тәуелсіздік алған сәттен бастап еліміздің жүріп өткен жолы салыстырмалы түрде ұзақ емес, алайда ол ақиқатында тұтас тарихи дәуірмен теңеседі.

Адамзат дамуының көпжылдық тарихында мойындалған адамның құқықтары мен бостандықтары Конституцияда толық көрініс тапты және де құр сөз болып қалмай, ол еліміздің заңдарында жүзеге асып, жалғасын табуда.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясы халықаралық жұртшылық алдында адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын жоғары құндылық ретінде мойындады, өзіне халықаралық міндеттемелер алды. Қазақстан адамның құқықтары мен бостандықтары саласындағы бірқатар халықаралық құжаттарға қосылды және бекітті. Олардың арасынан азаматтық және саяси құқықтар, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарды атап өтуге болады. Екіпалаталы жүйеде тұрақты жұмыс істейтін қазақстандық парламентаризмнің іргетасы қаланды. Соның арқасында Ата Заңның талаптарына жауап беретін елдің жаңа құқықтық жүйесі жасалды.

Қазақстан Республикасының Парламенті өзі жұмыс істеген жылдары екі мыңға жуық заң қабылдады. Қазіргі уақытта бюджеттік, азаматтық және азаматтық іс жүргізу, қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу, қылмыстық атқару, әкімшілік, кедендік және салықтық, сондай-ақ су, орман, жер, экологиялық және еңбек заңнамалары жүйеленіп, қолданысқа енгізілді. Соттар қызметтерін ұйымдастыру мен судьялар мәртебесі мәселелері, сондай-ақ соттар

қызметін қаржыландыру және материалдық-техникалық камсыздандыру мәселелері реттелді, бұл шешімдер қабылдаған кезде соттардың дербестігі мен тәуелсіздігіне септігін тигізеді. Елдің атқарушы билігі нарықтық экономиканың ерекшелігін ескере отырып жасақталды. Басқарудың президенттік-парламенттік түрі бекітілді және ол өзін-өзі ақтады.

Қазақстандағы конституциялық үдеріс жариялылықпен және оған азаматтардың кеңінен қатысуымен сипатталады. Осылайша, 2007 жылғы конституциялық реформаға біздің қоғамды одан әрі демократияландыру мәселесі бойынша 2004 жылы басталған жалпы халықтық пікірсайыс мұрындық болды. Консультативтік-кеңесші органдар: демократия және азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі комиссия, одан кейін жалпыұлттық сұқбат орнына айналған демократиялық бағдарламаларды әзірлеу мен нақтылау жөніндегі мемлекеттік комиссия үлкен жұмыс жүргізді. Осы жұмыстың қорытындысы «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2007 жылғы 21 мамырдағы № 254-III Қазақстан Республикасының Заңы болды. Осы заң Парламенттің өкілеттігін және сандық құрамын кеңейтуге; саяси партиялардың рөлін күшейтуге; жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытуға; сот жүйесін жетілдіруге; ұлтаралық татулықты қамтамасыз етуге және Қазақстан халықтары Ассамблеясының мәртебесін көтеруге; азаматтық қоғам институттарын дамытуға және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау институттарын дамытуға бағытталған. Сайлау, тергеу және мойындату мәселелеріне қатысты жекелеген нормалар конституциялық және басқа да заңдарды реттеу мәні ретінде анықталды [3].

Алайда конституциялық реформа тек Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізумен аяқталған жоқ, Парламент «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы», «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» конституциялық заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізді. Конституциялық реформа ұзақмерзімді даму болашағын қарастырады. Заңдық ұйғарымдардың тұрақтылығы – ол бұлжымайтын сапа, онсыз заңнама реттеудің

тұрақты жүйесі ретінде өмір сүре алмайды. Тұрақтылық жылжымаушылықты, ал бірқалыптылық құқықтық реттеудің негізгі қағидаттарын білдіреді. Осыдан «конституциялық серпінділік» ақтаған тұрақтылық пен қисынды өзгерушіліктің сөзсіз өзара байланысы шығады.

Қазақстанның одан әрі конституциялық дамуының келешегі конституциялық қағидаттарды дәйекті сақтаумен және ұлттық мемлекеттілік міндеттерін шешуге қабілетті мемлекеттік-құқықтық институттарды жетілдірумен тығыз байланысты. 2010-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының құқықтық саясат тұжырымдамасына сәйкес «маңызды міндет Конституция қағидаттары мен нормаларын, бірінші кезекте, мемлекеттік билік органдары мен оның лауазымды тұлғаларында толыққанды жүзеге асыру, Конституцияның тікелей қолданылуы, сондай-ақ ағымдық заңнама мен құқық қолдану арқылы оның әлеуетін жүзеге асыру болып табылады» [4].

Қазіргі жағдайларда Кедендік одақты одан әрі дамыту мәселесі барған сайын жанданушы рөлін атқарады. Осы еларалық ұлттылықтан жоғары ұйымды құру жағдайында конституциялық заңдылық мәселесі өзекті бола түседі. Конституциялық заңдылықты қамтамасыз етудің маңызды тетіктерінің бірі Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі қызметінің тиімділігін арттыру болып табылады.

Бүгінгі таңда қазақстандық конституционализмді жетілдіруде қордаланған мәселелер әлі де жеткілікті. Сондықтан конституциялық реформаларды жүзеге асыру бойынша қабылданған заңдар тұрақты мониторингке мұқтаж.

Ең алдымен, бұл сайлауларды, тұтқындауға соттық санкциялауды жүргізуге, жергілікті өзін-өзі басқаруға және басқаларға қатысты.

Адам мен азаматтың құқықтық мәртебесіне арналған конституциялық қағидаттарды дамытуға қосымша серпін беретін құқықтық құралдар қажет. Осыған байланысты «Азаматтық қорғау туралы», «Ақпарат және ақпаратты қорғау туралы» заңдарды, сондай-ақ адам құқығы жөніндегі уәкілеттінің қызметін қамтамасыз ету, заңды және жеке тұлғалардың білікті заң көмегін алу жүйесін жетілдіруге қатысты заңдарды қабылдау міндеттері тұр.

Жоғарыда мазмұндалғандар және басқа да астарлар конституциялық қағидаттарды

қамтамасыз етіп, елдің одан әрі конституциялық дамуы үшін бағдар ретінде қызмет ететін болады. Ақиқат үшін осы мәселелердің қазір мемлекеттік биліктің барлық деңгейлерінде

шешіліп жатқандығын, ал конституционализмді жүзеге асыру – бүгінгі Қазақстанның дамуында негізгі кезең екендігін мойындаған абзал.

Әдебиеттер

1 «Қазақстанды демократияландырудың жаңа кезеңі – еркін демократиялық қоғамды жедел дамыту» – Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен отырысында сөйлеген сөзі (Астана, 2007 жылғы 16 мамыр) //ИС Параграф.

2 Байдельдинов Д.Л., Баймаханова Д.М. Н.А. Назарбаев – Конституция Казахстана – триумф демократии //Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 10-летию столицы «Астана: триумф Казахстана и его лидера. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – С.245.

3 «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2007 жылғы 21 мамырдағы № 254-III Қазақстан Республикасының Заңы //ИС Параграф.

4 «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы //ИС Параграф.

References

1 "Қазақстанды демократияландырудың Zhana кезеңі – Erkin demokratiyalық қоғамды zhedel damyту" – Kazakhstan Kazakhstan Respublikasynуң Prezidenti N.Ә. Nazarbaevтуң Respublikasy Parlamenti palatalaryнуң birlesken otyrysynda söylegen sozi (Astana, 2007 zhyly Mamyr 16) // IP Section.

2 Baideldinov DL, DM Baymahanova Nazarbayev – Kazakhstan's Constitution – a triumph of democracy / International scientific-practical conference dedicated to the 10th anniversary of the capital "Astana Triumph of Kazakhstan and its leader. – Almaty: Kazakh university, 2008. – P. 245.

3 "Kazakhstan Respublikasynуң Konstitutsiyasyna өзgerister changed tolyқтыrular енгизу turaly» 2007 zhyly 21 mamyrdaғы number 254-III Kazakhstan Respublikasynуң Zaңy // IP Section.

4 "Kazakhstan Respublikasynуң 2010 zhyldan 2020 zhylyға deyingi кезеңге арналған құқықтық Sayasat тұzhyrymdamasy turaly" 2009 zhyly 24 тамыздағы number 858 Kazakhstan Respublikasy Prezidentiniң Zharlyғы // IP Section.